

6. Ma L., Ou W., Lee C.S. Investigating consumers' cognitive, emotional, and behavioral engagement in social media brand pages: A natural language processing approach. // *Electron. Commer. Res. Appl.* – 2022. – №54. – P.101179.

7. Joshi Y., Lim W.M., Jagani K. et al. Social media influencer marketing: foundations, trends, and ways forward. // *Electronic Commerce Research.* – 2023. – URL: <https://rdcu.be/dN2Pu> (date of viewing: 19.05.2024).

8. Fauzi M.A., Satari A.Z., Ramli Z.M., Puteri A.O., Mazen L. Social media influencer marketing: science mapping of the present and future trends // *International journal of quality and service sciences.* – 2024. – №16, Issue 2. – P.199-217.

9. Cheung J., Nowak Ch., Fillare C. et al. Balancing sustainability and consumer preferences: How brands can stay ahead. // *IBM Institute for Business Value.* – 2022. – URL: <https://www.ibm.com/thought-leadership/institute-business-value/en-us/report/2022-sustainability-consumer-research> (date of viewing: 28.04.2024).

10. How consumer shopping behavior has changed in 2023 // *Brandwatch.* – 2023. – URL: <https://www.brandwatch.com/blog/understanding-consumer-shopping-behavior/> (date of viewing: 02.05.2024).

11. Santora J. 17 Key Influencer Marketing Statistics to Fuel Your Strategy. // *Influencer Marketing Hub.* – 2024. – URL: <https://influencermarketinghub.com/influencer-marketing-statistics/> (date of viewing: 21.04.2024).

12. Meier K. 8 ways customers interact and engage with your brand on social. // *Sprout social.* – 2024. – URL: <https://sproutsocial.com/insights/social-media-interaction/> (date of viewing: 13.06.2024).

FTAXP: 04.51.55

Doi: 10.51889/2959-6270.2024.86.2.003

*Д.Ж. Тулебаев**

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті*

Алматы қ., Қазақстан

** e-mail: ertis_08@mail.ru*

ТІЛДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК СИПАТЫ ЖӘНЕ ПРАКТИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Аңдатпа

Мақала тілдің әлеуметтік сипаты мен оның принциптерін, сонымен қатар практикалық аспектілерін әлеуметтанулық талдауға арналған. Тілдің әлеуметтік сипаты мәні терең, сан қырлы мәселе болғандықтан, оның принциптері мен теориялық және практикалық аспектілері заманауи әлеуметтану ғылымында жүйелі әрі толыққанды қарастыруды қажет етіп отыр. Осы орайда тілдің әлеуметтік сипаты тіл әлеуметтануының өзекті мәселесі ретінде қарастыру – маңызды мәселе. Сонымен қатар тілдің әлеуметтік сипатының мән-маңызы зерделеніп, теориялық және практикалық аспектілері айқындалады. Кез келген тіл қоғамда, әлеуметтік ортада дамып, жетілетіні белгілі. Қоғамның, әлеуметтік ортаның тілге ықпалы немесе тілдің әлеуметтік ортаға ықпалы, сөзсіз, бір-біріне әсер етіп, қоғамның мазмұндық сипатына, болмысына жан-жақты әсерін тигізеді. Сондықтан тілдің әлеуметтік сипатын тану, негізгі принциптерін айқындау, практикалық аспектілерін зерттеу арқылы тілдің әлеуметтік мазмұны мен әлеуметтік ортадағы қолданыс аясын зерделеуге мүмкіндік аламыз. Мақалада осы мәселелерге ерекше мән берілген. Тіл тарихи-әлеуметтік категория ретінде қоғам дамуының қай кезеңде болса да, өзінің ықпалы мен адамдар санасы мен

психологиясына, таным-түсінігіне әсер етіп, дүниетанымын қалыптастырушы әлеуетке ие. Зерттеуде тілдің әлеуметтік сипаты келесідей бағытта: тіл әлеуметтік ортада қалай өмір сүреді, әлеуметтік орта тілді қалай қабылдап, түсінеді деген бағытта өрбіп, аталған мәселелерге әлеуметтанулық тұрғыдан талдау жасалады.

Түйін сөздер: Тіл социологиясы, әлеуметтік сипаттар, әлеуметтік контекстегі тіл, тілдің практикалық аспектілері, тілдің әлеуметтік әсері, тілдің қоғамдағы дамуы.

*Tulebaev D.**

**Abai Kazakh National pedagogical university
Almaty, Kazakhstan*

THE SOCIAL CHARACTERISTICS OF LANGUAGE AND ITS PRACTICAL ASPECTS

Abstract

The article is devoted to the analysis of the social characteristics of language, its principles and practical aspects. The social characteristics of language are a multifaceted issue, so studying it from the perspective of sociology is very important and relevant. In this regard, the social characteristics of language are considered as a problem of the sociology of language from a theoretical and practical basis. Every language is improved and developed in a social environment. The influence of society, the social environment on language or the influence of language on the social environment has an impact on the content of society and its existence. Through knowledge of the social characteristics of the language, identifying its principles and practical aspects, we gain the opportunity to determine the social content and characteristics of the language. Cognition of the social characteristics of language. The article pays special attention to these issues. Language as a historical, social category at any stage of development has a significant function in shaping the thinking and psychology of people. Research into the social characteristics of language is carried out in the following direction: how language lives in the social environment, how language is accepted and understood by society, and a sociological analysis of this issue is given.

Keywords: Sociology of language, social characteristic, language in social context, practical aspects of language, social influence of language, development of language in society.

*Тулбаев Д.Ж.**

** Казахский национальный педагогический университет имени Абая
г. Алматы, Казахстан*

СОЦИАЛЬНАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА ЯЗЫКА И ЕЁ ПРАКТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ

Аннотация

Статья посвящена анализу социальной характеристике языка, ее принципам и практическим аспектам. Социальная характеристика языка является многосторонним вопросом, поэтому изучение ее с позиции социологии очень важно и актуально. В этой связи социальная характеристика языка рассматривается как проблема социологии языка с теоретической и практической основы. Каждый язык совершенствуется, развивается в социальной среде. Влияние общества, социальной среды на язык или влияние язык на социальную среду имеет влияние на содержательную основу общества и ее бытие. Через познание социальной характеристике языка, выявление ее принципов, практических аспектов получаем возможность определить общественное содержание и характеристику языка. Познание социальной характеристике языка, В статье уделяется особое внимание этим

вопросам. Язык как историческая, социальная категория на любой стадии развития имеет значимую функцию по формированию мышления, психологию людей. Исследования социальной характеристики языка ведется в следующем направлении: как живет язык в социальной среде, как принимается и понимается язык социумом, дается социологический анализ данного вопроса.

Ключевые слова: социология языка, социальная характеристика, язык в социальном контексте, практические аспекты языка, социальное влияние языка, развитие языка в обществе

НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАР

Бұл мақалада тілдің әлеуметтік сипатын, принциптері мен практикалық аспектілерін әлеуметтанулық талдауды ұсынамын. Тіл тарихи-әлеуметтік категория ретінде қоғамдық өмірдегі әлеуметтік сипатын зерттеу – әлеуметтану ғылымындағы көкейкесті әрі аз зерттелген мәселенің бірі болып отыр. Зерттеудің бастапқы кезінде тілдің әлеуметтік сипаты деген ұғым мен оның мәнін анықтап алу қажеттілігі туындайды. Бұл бізге тіл әлеуметтануындағы өзекті мәселелерді жан-жақты зерделеуге мүмкіндік береді. Әрі қарай біз тілдің әлеуметтік ортадағы рөліне назар аудара отырып, тіл мен қоғамның өзара байланысы, тілдің әлеуметтанулық мазмұнын қарастырамыз.

Тілдің әлеуметтік сипатын әлеуметтанулық талдау – тілдің тарихи-әлеуметтік категория ретіндегі рөлін айқындауға септігін тигізеді.

Бұл өз кезегінде тілдің әлеуметтік сипаты мен принциптерін, практикалық аспектілерін зерделеуге мүмкіндік береді. Әлеуметтанулық талдау арқылы тілдің қоғамдағы қажеттілігі мен өміршеңді мәселелеріне назар аударылды. Зерттеу барысында тілдің әлеуметтанулық тұрғыдағы практикалық аспектілері айқындалып, оның бір-бірімен байланысы, сабақтастығы байыпталды. Тілдің әлеуметтік сипатына қатысты өзекті мәселелер сараланып, тұжырымдалды.

Қорытындыда тілдің әлеуметтік сипаты, оның мәні мен мазмұндық қырларына баға беріліп, әрі қарайғы ізденістердегі перспективкалық бағыттарына шолу жасалады. Мақала тілдің әлеуметтік сипатын әлеуметтанулық тұрғыдан пайымдауға, түсінуге, тілдің әлеуметтік сипатынан мағлұмат беру өз үлесін қосуға бағдарланған.

КІРІСПЕ

Қазақстан жағдайында тілдің әлеуметтік рөлі жыл санап артып келеді. Себебі тіл коммуникативтік құрал есебінде ғана емес, адамдар арасындағы толеранттық, мәдениет, көзқарастар жүйесіне де әсер етуде. Осы орайда мемлекетіміздегі тіл саясаты – қоғамдағы тілдік үдерістерді заңдық-құқықтық тұрғыдан реттеудің жүйесін қалыптастыра отырып, тілге байланысты негізгі мақсаттар мен міндеттерді, ұстанымдар мен қағидаларды айқындап, олардың демократиялық құндылықтарға қарама-қайшы келмеуіне, адам құқықтары мен бостандықтарының сақталуына, қоғамдағы тілдік үдерістерді қалыптастыру мен жүзеге асырудағы толеранттық, байсалдылық, парасаттылық қағидаларын басшылыққа алып әрекет ететін қадамдар тізбегі болып табылады. Тіл саясаты қоғамда тілге қатысты мемлекеттік биліктің ұстанымдары мен көзқарастарын орнықтырып қана қоймай, тіл саясатының қоғамдағы өміршеңдігін де айқындайды.

Тілдің әлеуметтік сипаты қандай факторлармен анықталады? Тіл адамзат баласының сана деңгейіндегі ең жоғарғы жаратылысы ретінде әлеуметтік өмірмен тығыз байланыста бола отырып, барлық сипаты әлеуметтік ерекшеліктерді ескере отырып қалыптасады. Тілдің әлеуметтік рөлі, сипаты, қоғамдағы тілдің әлеуметтік маңызы адамдардың тілге қарым-қатынасымен, көзқарасымен, әлеуметтік психологиясымен айқындалады.

Қазақстан қоғамы тәуелсіздіктің отыз жылында көптеген өзгерістерді басынан өткерді. Атап айтқанда, қоғамның барлық салалары саяси-әлеуметтік трансформациядан өтіп, әлемдік және мемлекеттік талап-тілектерге сай келетін үдерістерді жүзеге асырды. Соның ішінде

мемлекеттегі тілдік үдерістер қоғам дамуының маңызды факторы ретінде күн тәртібінен түскен жоқ. Себебі қазақ халқының негізгі рухани-мәдени құндылығы әрі өзегі болып саналатын тілі бірге жасасып, ұлттың бірегейлігін айқындап, алға қарай қарышты қадамдармен дамуына мүмкіндік берді.

Ұлтаралық қатынастардың дамуы мемлекеттің саяси институттарыны қызметінің түбегейлі өзгеруі, экономикалық реформалар, рухани-идеологиялық жаңалықтармен қатар жүрді [1].

Тіл саясаты, тілдердің көптүрлілігі, диглоссия, заманауи әлеуметтік үдерістер, жаһандану мен мультимәдениеттанулық еңбектерінде зерттелген (В.М.Алпатов [2], Б.А.Успенский [3], Д.А.Катунин [4]., В.М.Смокотин [5], Дж.Фишман [6]., Е.А.Найман [7] және т.б.

Зерттеуші Айса Биткееваның пайымдауынша, тіл халықтың менталитетінде, ділінде үлкен рөл атқарады. Тілдің көмегімен адамның әлемді қабылдауы қалыптасады, әлеуметтік ортаның жағдайына бейімделеді [8, 11 б.]. Иә, тілсіз әлеуметтік ортаның да қалыптасуы мүмкін емес. Қоғамдағы болып жатқан үрдістер тілдің коммуникативтік қызметі арқылы жүзеге асырылатындықтан, тілдің қызметі мен әлеуметтік мәні де бұқаралық сипатқа ие болып, тілге деген сұраным, қажеттілік адамдардың өзара ақпарат алмасуында, ой бөлісуінде көрініс табады. Демек, тілдің әлеуметтік сипаты оның қажеттілігімен айқындала отырып, тілдің өзі де белгілі бір қоғамға, ортаға байланысты әлеуметтену жағдаяттарын басынан кешіреді.

Зерттеуші М.Н.Губогло ғылымға «этникалық мобилизация» терминін енгізді. Ол терминнің мәні ретінде белігі этностың өз талап-тілектерімен, бағдарламасымен және ұйымымен саяси күшке айналуы, бұл орайда ол тілге байланысты қойылатын талаптар да үлкен рөл ойнайтыны, себебі тіл этностың маңызды белгісі ретінде қарастырылатынын айтты [9, 51 б.]. Бұдан шығатын қорытынды: тіл мен хал, тіл мен этнос бір-бірімен байланысты. Ол тек қана рухани-мәдени, тектік тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар тілдің әлеуметтік қырларымен де өзектес.

Бүгінгідей жаһандану заманында және геосаяси ахуалдың турбуленттігі тұсында мемлекеттердің ұлттық қауіпсіздік мәселелеріне терең мән беруі – мезгіл міндетіне баланып отыр. Ұлттық қауіпсіздік мемлекеттің ішкі жән сыртқы саясатындағы шешімдерімен ғана емес, сондай-ақ мемлекет аумағында өмір сүріп отырған халықтың, оның этностық құрамының ерекшелігіне байланысты бола отырып, осы ретте тіл арқылы әлеуметтік өмірдің тұрақтылығы мен мәдени қабаттары қалыптасып, дамиды. Тілдің әлеуметтік қырлары мен сипаты оның өзіндік болмысымен айқындалып, анықтала келіп, тұтас қоғамдық жүйеде, адамдардың таным-түйсігінде, ой-зерде, санасында оған деген қарым-қатынас, көзқарас орнайтыны заңдылық. Қазіргідей өркениетті қоғамның белгілері мен сипаттамалары басымдыққа ие болып, адамның санасында, дүние мен қоршаған ортаны қабылдауында көптеген өзгерістер орын алуда. Осы ретте тарихи-әлеуметтік категория ретінде тіл өзінің өзектілігімен алдыңғы қатарға шыға отырып, ұлттар мен ұлыстардың байланысын күшейтіп, мүдделер мен мақсаттарды бір ортақ арнаған тоғыстыра білуге де қолданылуда. Соңғы жылдары ұлттық сана-сезімді қалыптастыруда тілдік факторды зерттеу ісі өзекті бола түсуде. Аталған мәселеге себеп болып отырғаны – ұлттық сана-сезімді сақтау мен жаңғырту жайы. Бұл, әсіресе, кеңестер одағы құрамында болған елдер үшін аса маңызды фактор саналады. Себебі сол замандардағы барлық шара ортақ идеологияның салдарынан шағын одақ құрамындағы тіл саясаты үстем тілдің ыңғайына қарай қалыптасып, дамыды. Әрбір ұлттың өз тілін қажетті деңгейде дамытуға жағдай жасалмады. Осы ретте белгілі лингвист Т.Скутнабб-Кангасстың «тілдік құқықтар кез келген өркениетті мемлекетте сақталуы керек» деген пікірін құптауға болады. «Өркениетті мемлекетте туған тілді сақтау мен дамыту құқығын талқылау қажеттілігі болмауы керек. Бұл (құқық) өздігінен түсінікті, фундаменталды, адамның негізгі тілдік құқығы болып табылады» [10, 78 б.]. Яғни, ғалым Т.Скутнабб-Кангас тіл мен өркениетті қатар салыстыра отырып, тілге өркениеттілік ұғымды

қатар теліп отыр. Бірақ, мұның өркениеттілік фактор мен тіл аспектілері мен мәселелерінің де өзіндік белгілері бар екенін жоққа шығаруға болмайды. Мұны тілдің әлеуметтік сипаты арқылы нақты анықтап, ажыратуға болады. Тілдің әлеуметтік сипаты оның қолданысымен, өміршеңдігімен, өзектілігімен, сұранысқа сай қажеттілігімен өлшенеді.

Тіл әлеуметтанудың ғылыми және әлеуметтік мәртебесін көтеру қажеттілігі, тілдің құндылығын әлеуметтанудың принциптері арқылы зерттеу жұмыстары ғалым Сайран Садуақастың «Тіл әлеуметтануының мәртебесін көтеру үрдіс ретінде» атты диссертациясында [15] қарастырылған. Сонымен бірге тіл және әлеуметтік таным сабақтастығы мәселесі филология ғылымының докторы Э.Оразалиеваның «Тіл және әлеуметтік таным сабақтастығы» еңбегінде жазылған [11]. Тілдік репрезентацияның әлеуметтік және институционалдық құрылымы мәселесі М.Макушеваның диссертациясында қарастырылды [12]. Сонымен бірге тіл мәселесі қоғамдағы әлеуметтік өзгерістер көрінісі туралы С.Романова зерттеу жұмысында қарастырды [13].

ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕМЕСІ

Мақалада әлеуметтанулық, философиялық салыстырмалы талдаулар, ғылыми тұжырымдар басшылыққа алынды. Әлеуметтік лингвистиканың заңдылықтары мен теорияларымен қатар жүйелеу, жалпылау, салыстыру әдістері негізге салынды.

Мақаланың әдістемелік негізін философияның, әлеуметтанудың, саясаттанудың іргелі қағидалары құрады. Зерттеу барысында ғылыми басылымдарда, диссертацияларда, баспасөз беттерінде тақырыпқа қатысы бар философиялық, әлеуметтанулық еңбектер мен бақылау, әңгімелесу мәліметтері қолданылды. Мақаланың тақырыбын зерттеу бағыты мен аясында талдау әдістерінің кешенді түрлері пайдаланылды. Әзірлеу барысында тақырып бойынша ғылыми талдау жасалып, мәселенің практикалық тұстарына мән берілді. Аталған зерттеудің негізгі мақсаты – тілдің әлеуметтік сипаттарын айқындай отырып, принциптері мен практикалық аспектілеріне әлеуметтанулық талдау жасау. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін жүйелілік әдіс, тарихи әдіс, салыстырмалы әдіс, кешенді бағалау әдістері қолданылды. Мәліметтер жинақтау үшін ғылыми әдебиеттерге, статистикалық мәліметтерге, ресми есептер мен жарияланымдарға, сондай-ақ зерттеуге негіз болған аймақтағы нәтижелер сараланды. Алынған мәліметтер қорыту, өңдеу, ғылыми дәйектемелермен түйіндеу тілдің әлеуметтік сипатын анықтау әдістерімен үйлесімді сипатта қалыптасты. Зерттеу нәтижелері мен талдау жасау барысында тілдің әлеуметтік сипатының мәні туралы қорытындылар жасалды. Осылайша, зерттеу еңбегі мәселенің академиялық және практикалық талдауларына сүйене отырып, көзделіп отырған көкейкесті мәселенің ашу мен шешу жолдарын табуға бағытталды.

ТАЛҚЫЛАУ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Қазақстан халқы Ассамблеясының биылғы сессиясында сөйлеген сөзінде былай деді: «Тіл – көптеген мемлекет үшін өзекті мәселенің бірі. Осы мәселенің дұрыс шешілуі кез келген елдегі қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақтылығына едәуір ықпал ететінін тарихтың өзі көрсетіп отыр. Қазақстанда да солай. Біз осы аса шетін мәселеге келгенде сыртқы-ішкі факторларды ескере отырып, стратегиялық ұстамдылық және толеранттық танытуымыз қажет. Бірақ бұл біздің мемлекеттік тілді жан-жақты дамытуға баса назар аударатынымызды жоққа шығармайды. Сонымен қатар мемлекеттік тілдің дамуына айрықша назар аударуға ықпал етеді. Мен қазақ тілі уақыт өте келе этносаралық қатынас тіліне айналатынына сенімдімін. Біз біртіндеп осыған келе жатырмыз. Бүгін біз өз бетінше қазақ тілін жетік меңгеріп, оны қоғамда кеңінен насихаттап жүрген азаматтарды марапаттаймыз. Бұл өте пайдалы әрі саяси тұрғыдан маңызды жұмыс деп ойлаймын. Мемлекет олардың түрлі жетістіктеріне, соның ішінде саяси сипаттағы табыстарына да назар аударады және оларды барынша қолдайды. Қазақстан – қазақ тілі

мемлекеттік тіл саналатын көп тілді ел, болашақта да солай бола береді. Бұл – біз үшін орасан зор басымдық [14].

Президент атап өткендей, Қазақстан қазақ тілі саналатын көп тілді ел және болашақта да солай бола береді. Бірнеше тіл қатар өмір сүретін қоғамның тілдік ерекшеліктері де міндетті түрде болады. Мұндағы коммуникативтік қарым-қатынастар, адамдардың менталитеті, өмірге көзқарасы, салт-санасы мен дүниетанымы игерген және игеруге талпынып жүрген тілдік аяда қалыптасады. Демек, бүгінгі қазақстандық қоғамдағы тілдің әлеуметтік сипаты оның көптілділігімен де анықталады. Әрбір тілдің өз ерекшелігі барын ескеретін болсақ, көптілділік тілдің әлеуметтік сипатының айқындалушы формасы бола отырып, тілдердің әртүрлілігіне байланысты әлеуметтік қағидалары орнығады. Көптілді қоғам көптүрлі мінез, әлеуметтік қабаттардың көптүрлілігін де туындатады. Демек, тілдердің бір-бірімен бір қоғамда үйлесімді дамуы сол қоғамда өмір сүріп жатқан адамдардың толерантты көзқарасына, ұстамдылығына да байланысты. Қазақстан өзінің географиялық орналасуына, тарихи-мәдени қалыптасуына байланысты тілдік толеранттық, тілдік плюрализм жолын таңдай отырып, республика аумағында өмір сүріп отырған этнос өкілдерінің тілдерін сақтап, дамытуға мүмкіндік беріп, қолдау жасады. Бұл ретте тілдің әлеуметтік сипаты және оның өзіндік принциптері этносаралық сипатпен де тығыз байланысты. Жоғарғы билік бір ғана тілдің шексіз үстемдігін орнықтыру саясатынан аулақ болып, қалыптасып отырған тілдік факторларды барынша ескере отырып, тілдің әлеуметтік сипаты мен оның айқындалушы бағыттарына баса мән беріп, мемлекет аумағында өмір сүріп отырған этностардың тілдік ерекшелігіне назар аударды.

Қазіргідей өзекті уақытта кез келген мемлекеттің, ұлттар мен ұлыстардың басты құндылығы саналатын тіл мәселесі, әсіресе, Қазақстан елінде күн тәртібінен түскен жоқ. Тілдің көптеген салаларын зерттеу ісі кеңес одағы тұсында, тәуелсіздік заманында да қалыс қалып отырған жоқ. Соның ішінде тілдің әлеуметтік табиғатын зерттеу қай кезде де өзекті бола түсуде. Себебі әлеуметтік жүйе – ол өз заңдылығымен дамитын күрделі жүйе. Бұл орайда тілдің әлеуметтік сипаттарын қарастыруға әлеуметтану ғылымында жеткілікті түрде көңіл бөлінсе ғана, яғни тілдің әлеуметтік сипаты жан-жақты зерттеле отырып, барлық түйткілдері қарастырылса, тілге байланысты мемлекеттік дәрежеде қабылданып жатқан шешімдерге әлеуметтану ғылымы арқылы оң ықпал етуге мүмкіндік туады. Тілдің әлеуметтік сипаты бір ғана заңдылықпен, бір ғана теориялық ұстанымдармен шешілмейді, өйткені ол пәнаралық ғылымдар аясында, атап айтқанда, әлеуметтік-философиялық бағытта, әлеуметтік-мәдениеттанулық, т.б. бағыттарда қарастырылатын мәселе. Ерекше атап айтарлық өзекті мәселе – Қазақстан өзінің тарихи қалыптасу жағдайына байланысты қазақ және орыс тілді болып қос тілді қоғам ретінде орныққан болса, бүгінгі таңда екі тілден бөлек тағы да өзге шет тілдерін білу қажет деген мәселе алдыңғы кезекке шығуда. Осы мәселеге әлеуметтанулық талдау жасау барысында байқағанымыз, қоғамда бірнеше тілдің қатар өмір сүруі, сондай-ақ азаматтардың тілдерді еркін меңгеру деңгейіне қарай өздері таңдап алып, өмір сүретін бір тілдің айналасында ғана топтасып, сұхбаттасулары да жиірек байқалды. Мәселен, орыс тілінде еркін сөйлейтіндер көбінесе осы тілді тұтынатын адамдар тобымен жиірек аралас-құралас болатыны немесе қазақ тілді орта қазақ тіліне ғана басымдық беріп, коммуникация жасаудағы тілдердің айқындалушы фактор бола алатынын көрсетіп отыр. Демек, тілдің әлеуметтік сипаты бұқара халықтың оған деген қарым-қатынас өлшемдерімен де анықталатыны белгілі болуда.

Әлеуметтік зерттеу барысында сұхбаттасу, сауалнама, фокус-топтар, бақылау, сандық және сапалық әдістер қолданылды. Сонымен қатар әлеуметтік зерттеулер барысында тілдің әлеуметтік сипаты бес түрлі фактор бойынша анықталды. Біріншісі – тілдің бұқаралық сипат. Екіншісі – тілдің қоғамдық ортада, әлеуметтік өмірдегі қолданысы. Үшіншісі – тілдің мәдени кеңістіктегі рөлінің айқындалушы күші. Төртіншісі – тілдің әлеуметтік ортадағы қажеттілігі. Бесіншісі – тілдің заманауи трендтері арқылы әлеуметтік сипатын айқындау қағидалары.

Қазіргі заман талабына сай өмірімізге дендеп енген «Facebook», «Vkontakte», «Instagram» әлеуметтік желілеріне әлеуметтік зерттеулер жүргізілді. 150 респондент қатысқан желі қолданушыларының 25-30 пайызы өздерінің жазған постарында тіл тақырыбына мән беретіні байқалды. 100 адам қатысқан сауалнамалық сұрақтар барысында 18-25 жас аралығындғы желі пайдаланушылары өз жарияланымдарында тілдің өз өмірлерінде алатын орны жайында мәлімет берді. Яғни, «Тіл – менің өмірімде айтарлықтай рөлге ие» деген жауаптар 25 пайызды құраса, «Тілдің маңыздылығы мен үшін басты орында» деген жауаптар желі қолданушылары арасында 50 пайыздан жоғары болғанын әлеуметтік зерттеулер көрсетті. Яғни, тілдің әлеуметтік рөлі, маңыздылығы әлеуметтік желілерде жыл санап жоғарылап келе жатқаны байқалды.

Әлеуметтік зерттеу бағытының бірі – әңгімелесу әдісін қолдану барысында әңгімелесуге қатысқан респонденттердің 70 пайызға жуығы өз өмірінде, мансабында, өмірде жетістікке жетуінде тілдің рөлін жоғары бағалайтынын айтса, әңгімелесуге қатысқан Қазақстанға көшіп келген қандастарымыздың 95 пайызы күнделікті өмірде өз ана тілдерін тұрақты түрде қолданатындарын және болған кейбір әлеуметтік, қоғамдық орталарда орыс тілін еркін білмеуі себепті қиналатындықтарын жеткізді.

Әлеуметтанудағы «бақылау» әдісін қолдану барысында біз тілдің әлеуметтік сипатына қатысты маңызды жайттарға ерекше мән бердік. Оның ішінде 100-ге жуық баспасөз өнімдері сараланып, оның ішінде тілге қатысты 35 пайыз жарияланымдарда әлеуметтік ортаның қоғамдағы тіл мәселесіне бейжай қарамайтынын бақылай алдық.

Тілдің әлеуметтік сипатын анықтай отырып, оның мәселелеріне шолу жасау – зерттеу мақаламыздың өзектілігін құрайды. Осы тұрғыдан келгенде тілдің әлеуметтік сипаты мен мәселелері бүгінгі қоғамымыздың даму сатыларымен, халықтың тілге қатысты қалыптасқан көзқарасымен, қарым-қатынасымен, тілге деген ұстанымдарымен айқындалады.

Әр халықтың тұрмыс тіршілігіне, ұлттық құрылым ерекшелігіне сәйкес, ғасырлар бойы қалыптасқан, әлеуметтік өмірінің өзі туғызған тіл – ұлт үшін өмір және қоғам заңы болып табылады. Тіл – рухани байлық, тағылым, өнеге тәжірибесін тарататын құндылық. Қазақ тілі мәдени мұра сияқты, оның ел арасындағы тәлім-тәрбиелік, адамгершілік халықтық қызметі де әлеуметтік қатынас қағидасының құралы болғандықтан, ол әлеуметтанулық зерттеу құбылысы бола алады. Тіл мәдениеттіліктің белгісі. Тіл байлығы – мәдениет байлығы. Тіл – өмірмен біте қайнасып кеткен рухани байлық. Тілдік әлеуметтану арқылы адам тұлға болып қоғамға, ғылымға ене алады [16, 2 б.]

Тілдің әлеуметтік сипатын қарастырғанымызда, тілдің қоғамдағы институтционалдық деңгейін есепке алмасқа болмайды. Себебі кез келген тіл өз дамуында, әлеуметтік ортада өмір сүруінде белгілі бір институционалдық даму сатыларынан өтеді. Сол арқылы тіл жаппай әлеуметтік сипатқа ие болып, өзінің даму шегінде, қоғаммен қарым-қатынас жүйесінде қандай да бір ішкі өзгерістерден өтеді. Мұндағы негізгі мәселенің бірі тілдің әлеуметтік сипатын барынша ескере отырып, оны адам баласының қабылдауы, түйсінуі және тілге өз тарапынан өмір беру, өмірін ұзартуға байланысты жасаған нақты қадамдары. Өйткені, индивид, тұлға, адам тарапынан пайдаланылмаған тіл «өлі тіл» болып есептеледі. Сондықтан да тілдің әлеуметтік сипаты ең біріншіден оның әлеуметтік сипатымен ерекшеленеді.

Тіл әлеуметтануы тілдің даму заңдылықтарын және ондағы тілдік категориялардың бір-бірімен байланысын, өзара қарым-қатынасын ашып айқындаумен бірге, тілді оқыту ісіне, оның заңдылықтарын білдіруге көмектеседі. Сондай-ақ, тіл әлеуметтануы тілдердің әрі қарай дамуының болашағын көрсетіп, тілді өңдеудің, оны жетілдіре түсудің ғылыми негізі мен қағидаларын жасап береді. Тіл білімі әлеуметтануының тәжірибелік мәні, әсіресе, біздің елімізде айрықша болып отыр. Елімізде халықтардың ұлттық мәдениеті мен ұлт тілдерінің жан-жақты дамуына қолайлы жағдайлардың барлығы да жасалған...Тіл әлеуметтануының мәртебесі қазіргі қазақ қоғамдағы ұлттық сананың жаңа деңгейде жаңғыруына, қазақ тілінің

мемлекеттік тіл мәртебесіне байланысты. Кешенді сипатта қарастырылған, тіл арқылы рухани көздерден жинақталған тарихи-этникалық үрдісті қоғамдық ой, этникалық сана мен оның тілдік бейнесі аясында алып, этникалық дереккөз ретінде қарастырғанда ғана қазақ қоғамының тарихы мен мәдениеті тілдік мәліметтермен дәлелденеді. Қазақ тіл білімінде әлеуметтік лингвистика ғылымы тілді зерттеудің бір саласы ретінде кейінгі кезде қалыптасқаны белгілі, бірақ бұл бағыттың қазақ тілінде негізі бар екені тұңғыш рет А.Байтұрсынұлы еңбектерінде айтылады [16, 19 б.].

Қоғам мен адам арақатынасы, ең алдымен, тілдік құралдар арқылы көрініс табатындықтан, жеке тұлғалардың қатысымдық әрекеті, топпен араласу қабілеті, қоғамда атқарар қызметі, соған орай әлеуметтік жағдайы – барлығы дерлік тіл арқылы, тілдік қатынас негізінде дәйектелетін экстратанымдық факторларды құрайды. «Тілдік жағдай» ұғымының астарында да осы аталған фактілер жинақталып, жүйеленетіні сондықтан болар. Адамдар тіл арқылы құрылымдық не болмаса формалық өзгешеліктерді ғана емес, ең бастысы, сол тілді пайдаланушылардың ұлттық психологиясын, мәдени даму үлгісін, әлеуметтік негіздерін танып білу қасиетіне ие болады, сол себепті тілдің шынайы болмыспен, қоршаған әлеммен, өркениетпен, адам жаратылысымен байланысы ғалымдар назарын ғылыми қалыптасудың алғашқы кезеңдерінен бастап өзіне аударды...Қоғам мүшесі туралы толыққанды мәлімет жинау үшін, оның өмір сүру ерекшелігін, әлеуметтік ойлау жүйесін, бойында тұнып жатқан сан алуан қабілеттер желісін айқындап алу қажет. Адам мәңгі қозғалыста жүретін жаратылыс иесі ретінде ұғынылатындықтан, әлеуметтік танымның ұстанымдары да сол қозғалыстың динамикалы сипатына, латентті мінездемесіне қатысты, яғни жеке субъектілердің өмірі де, мәдени қалыптасуы да өзара байланыссыз тізбектер жиынтығы емес, олар бүтіннің бөлшектері, әлеуметтік дамудың құрамды бөліктері деп танылады. Шынайы болмыс, қоршаған орта өзгерген жерде танымның өзі де, оның дереккөздері де өзінің қалыпты жағдайынан ауытқып, нәтижесінде әлеуметтік заңдылықтардың жаңа теориясы қалыптасады, өзгеше бағыт-бағдары анықталады. Осындай өзгерістер қатарында әлеуметтік танымның тілдік құралдарын атауға болады [11, 28 б.].

Зерттеуші Вандриес Ж. тіл құрылымы өзінің қалыптасу кезеңінде әлеуметтік нормаларға тәуелді екенін айтады. Әлеуметтік нормалар әлеуметтік институттар негізін құрайды. Әлеуметтік нормалар өзгерісі әлдеқандай топтың тіл нормаларының өзгерісіне әкеліп соғады [16, 65 б.]. Әлеуметтік нормалар мәселесі тіл әлеуметтануында жеке дара қарастыруды қажет етеді. Бұл мәселенің қажеттілігі тілдің әлеуметтік сипатын және оның факторларын анықтауда өте өзекті рөл атқарады. Демек, тілдің әлеуметтік нормалары мен тілдің әлеуметтік сипаты арасындағы байланыстарды әлеуметтану ғылымы аясында зерделеудің мәні терең деп білеміз.

Сонымен қатар тілдің әлеуметтік сипатын әлеуметтік құрылым арқылы қарастырудың да ерекшелігі бар. Өйткені, әлеуметтік құрылым мәселесі әлеуметтануда жан-жақты зерттелгенімен, әлеуметтік құрылым контекстіндегі тілдің мәселелері ғылыми тұрғыдан талдауды қажет етеді. Зерттеуші ғалым Дж.Фишер Л. «Синтаксис и социальная структура: Трук и Понапе. Новое в лингвистике» еңбегінде [17, 226 б.] әлеуметтік құрылым мен тіл арасында қатаң параллель жүргізуге және біржақты барабарлық қатынас орнатуға болмайтынын айтады, өйткені тіл мәдениеттің ең консервативті бөлігі болып табылады. Бұл мәселені тақырыбымызға қарай қарастыратын болсақ, тіл мәдениеттің ең консервативті бөлігі ретінде әлеуметтік сипатымен де ерекшеленеді. Демек, қоғам, әлеуметтік орта қаншалықты консервативті болса, оның қолданысындағы тіл де консервативтілік сипатқа ие болып, Дж.Фишер айтқандай, «барабарлық қатынас орнатуға болмайды. Осыдан шығатын қорытынды: тілдің әлеуметтік сипатымен өлшенетін негізгі ұстанымның бірі – тіл әлеуметтігінің тұрақтылық принципін ерекшелеп атауға болады. Біз бұл ретте консервативтілік ұғымын қолданбай, тұрақтылық принципін ұсынуды жөн көріп отырмыз.

Статистикалық мәліметтерге назар аударатын болсақ, мәселен, Қызылорда облысында 2023 жылдың 16-20 қазан аралығында 18 жасқа толған 1000 тұрғынның қатысуымен мемлекеттік тіл саясатының іске асырылуына тұрғындардың көзқарасын білу мақсатында әлеуметтанулық зерттеу жүргізілген. Әлеуметтанулық зерттеу нәтижесі респонденттердің 97,0% қазақ тілін күнделікті қолданатынын көрсеткен. Сондай-ақ, қазақ тілін арасында қолданамын дегендер 2,7% құраса, өте сирек қолданамын дегендердің үлесі өте аз екені, яғни 0,3% құрайтыны анықталды. Сонымен қатар, сауалнамаға қатысқан аймақ тұрғындарының 78,2% мемлекеттік тілдің қолдану деңгейін «жоғары» деп бағалаған. Сонымен қатар, әлеуметтанулық зерттеудің нәтижесінде, респонденттердің 98,9% қазақ тілін жақсы меңгергені, еркін сөйлей алатыны, оқып және жаза білетіні белгілі болған. Ал орыс тілін жақсы білемін деп есептейтіндердің бөлігі (еркін сөйлеймін, оқимын және жазамын) 33,7% құраса, орыс тілін түсінемін, респонденттердің 26,1% орыс тілін түсінемін, сөйлесе аламын, бірақ жаза алмаймын десе, олардың 2,2% орыс тілін мүлдем білмеймін деп жауап берген. Ал, ағылшын тілін жақсы меңгергенмін деп жауап бергендердің үлесі 6,9% көрсеткен [18].

Ал 2022 жылы Астана, Алматы, Шымкент, Ақтөбе, Қостанай, Өскемен, Атырау қалаларында жүргізілген әлеуметтік сауалнама (қатысқан адам саны 1200 адам) көрсетіп отырғандай, еліміздегі орыстардың 70,8 пайызы Қазақстанды өзінің отаны санайды. Мұның негізгі себебі орыстардың 90 пайызы Қазақстанда туып-өскен және олардың ата-аналары (65,5 пайыз) Қазақстанда туған [20, 80 б.] Зерттеу авторлары әлеуметтік сауалнама барысында қойылған сауалдар бойынша нәтижелермен бөлісіпті. Сонда «Қазақ тілінде қаншалықты еркін сөйлейсіз?» деген сауалға «Еркін сөйлеймін, жазамын және оқимын» деген жауапқа қазақтар – 70,9, орыстар – 1,0, өзге этностар – 12,1 пайыз көрсеткішінде жауап берген. «Қазақ тілін мүлде білмеймін» деген жауап бергендер арасында қазақтар – 0,1, орыстар – 16,7 пайыз, өзге этностар – 9,1 пайыз көрсеткішін көрсеткен [18, 81 б.]

Статистикалық нәтижелерді салыстырмалы талдау барысында байқағанымыз, тілді азаматтар тарапынан меңгеру деңгейі мен дәрежесі әртүрлі мәліметтерді көрсетіп отыр. Яғни, мұның барлығы тілдің әлеуметтік сипатын, белгілі бір тілдің әлеуметтік ортада қаншалықты қолданысқа ие екенін білдіреді.

Тіл саясаты комитетінің тапсырыс беруімен «Newgroup.kz» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Қазақстан Республикасындағы тіл саясаты мәселелері бойынша әлеуметтанулық және аналитикалық зерттеулер» атты 2022 жылы жүргізген зерттеу нәтижелерімен танысу барысында респонденттерден мемлекеттік тіл, орыс тілі, ағылшын тілін және өз этносының тілін меңгеру деңгейін, күнделікті өмірде осы аталған тілдерді қолдану деңгейін, ҚР «Тілдер туралы» заң жайында қоғамдық пікірді, үш тілді білім беруге халықтың көзқарасын, аймақтар бойынша тілдік таңдалым мәселелерін, әртүрлі салалардағы тілдердің қолданысы бойынша зерттеулерді жүргізген. Алынған зерттеу нәтижелері көрсеткендей, елімізде тіл саясатының маңызы артып келе жатқаны, халықтың мемлекеттік тілді, орыс тілін, ағылшын тілін, сондай-ақ этностардың өз тілін меңгеру деңгейі де өсіп келе жатқаны байқалған. Сарапшылардың 33,5 % мемлекет қазақ, орыс тілдерін және өзге де этностар тілдерін толыққанды оқуға жағдай жасап келеді деп санаса, 33,5% мемлекеттік тіл өзге этностардың тілдік құқықтарына нұқсан келтірместен дамып келеді деп есептесе, 54,5% тілдік ортадағы өзгерістерді онынан бағалаған [20, 96 б.]. «Қазақстандағы қазақ, орыс тілдерінің таяу жылдардағы даму перспективкасы қандай?» деген сұраққа респонденттердің 48,5% «Қазақ тілі қоғамдық өмірдің барлық салаларында басымдыққа ие бола бастайды» деп жауап берсе, 9,0% «Қазақ және орыс тілдері қолданысы бойынша теңеседі» деп жауап берген. Респонденттердің 12,0% «Орыс тілі қоғамның барлық салаларында негізгіге айналады» деген жауап айтқан [20, 85 б.]. Бұдан шығатын қорытынды тілдің әлеуметтік мәні мен сипаты жыл өткен сайын артып келеді. Қоғам тілдің қажеттілігін жете сезіне отырып, көптілділік ортаның бар екенін сезініп, өз алдарында қай тілде өмір сүру, қай тілді қолдану бойынша белгілі бір таңдаулардың да бар екенін айқын байқатып отыр.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мақаладағы зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Қазақстан жағдайындағы тілдің әлеуметтік сипаты бір қалыпты емес және жыл санап әрқилы өзгеріске түсіп келеді. Әлеуметтік орта, көзқарас, таңдау мен талғам қалай қарай өзгерсе, бұл да тілдің әлеуметтік сипатына өзгерістер әкелуде.

Тілдің о бастағы жаратылысы да әлеуметтік табиғатымен бірге жаратылғаны анық. Себебі тіл жалғыз адам үшін емес тұтас қоғам үшін, әлеуметтік орта үшін, ұлттар мен ұлыстар үшін жаратылғандықтан оның әлеуметтік сипаты демографиялық, әлеуметтік, мәдени-гуманитарлық факторларымен де сипатталады. Осылардың әрқайсысына терең мән беру, соның өзара байланыстарын қарастыру бүгінгі әлеуметтік ғылым үшін аса маңызды жайттардың бірі әрі бірегейі болып табылады. Тілдің әлеуметтік сипаты тіл ерекшелігін ескере отырып қалыптасады және бір қоғамдағы тілдің әлеуметтік сипаты екінші бір қоғамдағы тілдің әлеуметтік сипатына мүлдем ұқсамауы да мүмкін. Сондықтан тілдің өмір сүріп жатқан ортасы арқылы тілдің әлеуметтік сипаты мен ерекшеліктерін айқындай отырып, ғылыми мәселе ретінде өзекті тұстарын зерделеуге мүмкіндік аламыз.

Қазіргі таңда тілдің әлеуметтік сипаты мен оның құрылымдық белгілері жекедара зерттеу объектісі ретінде қоғамдық сананың трансформациясы дәрежесінде деп айтуға толық негіз бар. Тілдің әлеуметтік сипатының салмағын, дәрежесін, өзіндік орны мен ерекшеліктерін танып-біле отырып, біз тілдік құрылымның бұқаралық сипатқа ие екенін пайымдай отырып, оның сан қырлы әлеуметтік сипаттарына зер саламыз. Зерттеуімізде атап көрсеткеніміздей, тіл құбылысына әлеуметтік сипат тән. Олай болса, тілді әлеуметтік сипаттан бөлектеу ғылыми мәселенің объективті тұрғыдан зерттелуіне айтарлықтай кедергі келтіретіні анық. Әлеуметтанулық тұрғысынан алғанда, тілдің әлеуметтік сипаты әлеуметтік аспектілермен, қоғамдық-әлеуметтік принциптермен тығыз байланысты. Бұл ретте тілдің әлеуметтік сипатын тану – тілдің қоғамдағы алатын орнын, қоғамдық қарым-қатынастар жүйесіндегі дәрежесін тануға жол ашады. Тіл әлеуметтік ортада ғана өмір сүріп, дами алатындықтан оның айналасындағы өзекті мәселелер де әлеуметтік сипаты арқылы айқындалады.

Демек, тілдің әлеуметтік сипатына жеткілікті дәрежеде әлеуметтік тұрғыдан мән беріп, зер сала қараудың артықшылығы да осында.

Зерттеліп отырған тақырып аясында келесідей ұсыныстар береміз. Біріншіден, тілдің әлеуметтік сипатын алдағы уақытта пәнаралық тұрғыдан да зерттеу арқылы қоғамдық принциптерін айқындау. Екіншіден, әлеуметтік желілердегі тілге байланысты әлеуметтік көзқарастарды жүйелеу, сараптау арқылы тілдің әлеуметтік индикаторларына салыстырмалы талдау жүргізу. Үшіншіден, тақырып аясында көтеріліп отырған мәселелерді шешу үшін тілдің әлеуметтік сипатының қазіргі Қазақстан жағдайындағы басым факторларын, әлеуметтік аспектілерін тұжырымдап, негізгі критерилерін айқындау. Аталған мәселелерге алдағы зерттеу жұмыстарында назар аударатын боламыз.

Әдебиеттер:

1. Айталы А. *Нация и религия – основы независимости.* / Айталы А. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2013. – 328 б.
2. Алпатов В.М. *Язык и культура.* – М.: Наука, 2008. – 208 с.
3. Успенский Б.А. *Типология языков.* М.: Знание, 1968. – 288 с.
4. Катунин Д.А. *Языковое законодательство Косова и Метохии в период международного протектората 1999-2008 // Вестник Томского государственного университета. Серия Филология.* – 2013 г. – №1. – 15–21 с.
5. Смокотин В.М. *Многоязычия и проблемы преодоления и межкультурных коммуникационных барьеров в современном мире.* – Томск, – 2010. – 222 с.
6. Фишман Дж. *Кто говорит на каком языке, с кем и когда? Хрестоматия.* – Санкт-Петербург. – 2012. – с.63-75

7. Найман Е.А. Социоллингвистика: курс лекции/ Е.А.Найман. – Томск, 2004. – 220 с.
8. Биткеева А.Н. Социальные функции национального языка в современном мире: ойрат-калмыцкий язык: автореф.дис...канд.соц.наук:– Москва, 2006. – 11 с.
9. Губогло М.Н. Языки этнической мобилизации. М.: Знание, – 1998. – 214 с.
10. Скунтабб-Кангас Т. Linguistic Human Rights. Преодоление языковой дискриминации. Вклады в социологию языка. – Mouton de Gruyter. – 478 с.
11. Оразалиева Э.Н. Тіл және әлеуметтік таным сабақтастығы //Абай атындағы ҚазҰПУ-дың хабаршысы, Филология ғылымдары сериясы. – 2010 ж. – Т 32. – №2 – 28–29 бет.
12. Макушева М.О. Языковая репрезентация социальной и институциональной структуры: дис...канд.соц.наук: 22.00.01 / Макушева Мария Олеговна. – С-П., 2013. – 201 с. – Библиогр.: 227-253.
13. Романова, С.А.Язык как отражение социальных изменений в обществе: дис...к-та соц.наук: 22.00.04 / С.А.Романова; науч.рук. Е.М.Черняк. – Москва, 2002. - 161 л.: ил.
14. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлік. Жасампаздық. Өрлеу» атты XXXIII сессиясында сөйлеген сөзі // – URL: <https://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halky-assambleyasynyn-birlik-zhasampazdyk-orleu-atty-hhhiiii-sessiyasynda-soylegen-sozi-2533914> (қаралған күні: 10.03.2024).
15. Сайран С. Тіл әлеуметтануының мәртебесін көтеру үрдіс ретінде: Социология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. авторефераты. 22.00.04. – Алматы:, 2009. – 163 б .
16. Вандерлес Ж.Язык: Лингвистическое введение в историю, М.: Эдиториал УРСС, 2004 г. – 260 с.
17. Фишер Д. «Синтаксис и социальная структура: Трук и Понапе. Новое в лингвистике». – Вып. VII. Социоллингвистика. М., – 1975. – 397-421 с.
18. Облыс тұрғындарының тілдерді меңгеру деңгейін анықтау бағытында жүргізілген әлеуметтанулық зерттеудің қорытындысы // Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасы. / [Электронный ресурс]: Тілдерді дамыту және ономастиканың есебі. – 25 желтоқсан 2023. – Режим доступа: –URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylordasayasat/press/article/details/145484?lang=kk> (қаралған күні: 10.03.2024).
19. Ешпанова Д., Смаилова У. Восприятия казахстанцами языковой ситуации в контексте культурной интеграции //Аль-Фараби. – 2022. – Т.80. – №4. – 75–88 б.
20. Социологические и аналитические исследования по вопросам языковой политики в Республике Казахстан / Комитет языковой политики Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан, ТОО «NewGroup.kz». – Астана. – 2022. – 134 с.

References:

1. Ajtaly A. Naciya i religiya – osnovy nezavisimosti. / Ajtaly A. – Almaty: «Arys» baspasy, 2013. – 328 b.
2. Alpatov V.M. YAzyk i kul'tura. – М.: Nauka, 2008. – 208 s.
3. Uspenskiy B.A. Tipologiya yazykov. М.: Znanie, 1968. – 288 s.
4. Katunin D.A. YAzykovoje zakonodatel'stvo Kosova i Metohii v period mezhdunarodnogo protektorata 1999-2008 // Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta. Seriya Filologiya. – 2013 g. – №1. – 15–21 s.
5. Smokotin V.M. Mnogoyazychiya i problemy preodoleniya i mezhkul'turnyh kommunikacionnyh bar'erov v sovremennom mire. – Tomsk, – 2010. – 222 s.
6. Fishman Dzh. Kto govorit na kakom yazyke, s kem i kogda? Hrestomatiya. – Sankt-Peterburg. – 2012. – s.63-75
7. Najman E.A. Sociolingvistika: kurs lekciij/ E.A.Najman. – Tomsk, 2004. – 220 s.

8. Bitkeeva A.N. *Social'nye funkicii nacional'nogo yazyka v sovremennom mire: ojrak-kalmyckij yazyk: avtoref.dis...kand.soc.nauk.* – Moskva, 2006. – 11 s.
9. Guboglo M.N. *Yazyki etnicheskoj mobilizacii.* M.: Znanie, – 1998. – 214 s.
10. Skutnabb-Kangas T. *Linguistic Human Rights. Preodolenie yazykovoj diskriminacii. Vklady v sociologiyu yazyka.* – Mouton de Gruyter. – 478 s.
11. Orazalieva E.N. *Til zhane aleumettik tanym sabaktastygy //Abay atyndagy KazPU-dyn khabarshysy, Philologia gylymdary series.* - 2010 – T 32. – N. 2 – 28-29 bet.
12. Makusheva M.O. *Yazykovaya reprezentaciya social'noj i institucional'noj struktury: dis...kand.soc.nauk: 22.00.01 / Makusheva Mariya Olegovna.* – S-P., 2013. – 201 s. – Bibliogr.: 227-253.
13. Romanova, S.A. *Yazyk kak otrazhenie social'nyh izmenenij v obshchestve: dis...k-ta soc.nauk: 22.00.04 / S.A.Romanova; nauch.ruk. E.M.Chernyak.* – Moskva, 2002. - 161 l.: il.
14. *Memleket basshysy Qasym-Zhomart Toqaevtyн Qazaqstan halqy Assambleyasynyn «Birlik. Zhasampazdyq. Orleu» atty XXXIII sessiyasynda sojlegen sozi // – URL: <https://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyн-kazakstan-halky-assambleyasynyn-birlik-zhasampazdyk-orleu-atty-hhhiiii-sessiyasynda-sojlegen-sozi-2533914> (qaralghan kuni: 10.03.2024).*
15. Sayran S. *Til aleumettanuynyn kartebesin koteru rdis retinde: Sociologia gylymdaryн candidatorum gylymi darezhesin alu ushin dayyndalghan diss. abstrahit.* 22.00.04. – Almaty, 2009. – 163 b.
16. Vanderies Zh. *Yazyk: Lingvisticheskoe vvedenie v istoriyu,* M.: Editorial URSS, 2004 g. – 260 s.
17. Fisher D. *«Sintaksis i socialnaya struktura: Truk i Ponape. Novoe v lingvistike».* – Vyp.VII. *Sociolingvistika.* M., – 1975. – 397-421 s.
18. *Oblys turgyndaryнyn tilderdi mengeru dengein anyqtau bagytynda zhurgizilgen aleumettanulyq zertteudin qorytyndysy // Qyzylorda oblysynyn qozamdyq damu basqarmasy. / [Elektronnyj resurs]: Tilderdi damytu zhane onomastikanyn esebi. – 25 zheltoqsan 2023. – Rezhim dostupa: – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylordasayasat/press/article/details/145484?lang=kk> (qaralghan kuni: 10.03.2024).*
19. Eshpanova D., Smailova U. *Vospriyatiya kazahstancami yazykovoj situacii v kontekste kul'turnoj integracii //Al'-Farabi.* – 2022. – T.80. – №4. – 75–88 b.
- 20 *Sociologicheskie i analiticheskie issledovaniya po voprosam yazykovoj politiki v Respublike Kazahstan / Komitet yazykovoj politiki Ministerstva nauki i vysshego obrazovaniya Respubliki Kazahstan, TOO «NewGroup.kz».* – Astana. – 2022. – 134 s.